

## ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Қошқарбаев Ернар Қасымұлы**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік Педагогика институты

Қазақ тілі мен әдебиеті Бағытының 2-курс студенті

**Манабаев Нүркелді Қайратұлы**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік Педагогика институты

Қазақ тілі мен әдебиеті Бағытының 2-курс студенті

**Аннотация:** Дауысты дыбыстарға қарағанда дауыссыз дыбыс көп болып келеді. Дауысты дыбыстар мен салыстырғанда дауыссыз дыбыстардың классификациясы (жіктелуі) әлдеқайда күрделі болып келеді.

**Кіліт сөздер:** Дауыссыз дыбыс, эксплозив, пикотивдентилабиаль, ызың дауыссыз, шұғыл дауыссыз.

**Annotation:** There are more consonants than vowels. Classification of consonant sounds is much more complicated than vowel sounds.

**Keywords:** Consonant, explosive, picotividentilabial, consonant, acute consonant,

Қай тілде болмасын, дауысты дыбыстарға қарағанда дауыссыз дыбыс көп болып келеді. Дауысты дыбыстар мен салыстырғанда дауыссыз дыбыстардың классификациясы (жіктелуі) әлдеқайда күрделі болып келеді. Сондықтан дауыссыз дыбыстарды сипаттап мінездеме беру және оларды топтастырып классификация жасау акустикалық жақтан да, артикуляциялық жақтан да көптеген жайларды есепке алады керек етеді.

Дауыссыз дыбыстардың Кейбіреулер дауыстың (үннің) қатысуымен жасалса, бірсыпырасы дауыстың қатысуынсыз жасалады. Осыған байланысты

дауссыз дыбыстар екі топқа бөлінеді: оның бірі – қатаң дауссыз дыбыстар, екіншісі – ұяң дауссыз дыбыстар. Қатаң дауссыз дыбыстар деп дауыстың қатынасынсыз жасалған дауссыздарды айтамыз да, ұяң дауссыздар деп дауыстың қатысуымен жасалған дауссыз дыбыстарды айтамыз.

Егер дауссыз дыбыстарды айтқанда, дауыс шымылдығы жиырылып қысылмаса және дауыстың (үннің) қатысы болмаса, онда қатаң дыбыстар жасалады: к, қ, т, п, с, т.б. Егер дауссыз дыбыстарды айтқанда, даус шымылдығы үн шығарарлық қалыпта болса, онда ұяң дыбыстар жасалады: ғ, г, д, б, з, т.б.

Қатаң дауссыздар мен ұяң дауссыздар түрлі тілдерде дауыстың (үннің) қатысу немесе қатыспауы жағынан ажыратылады да, өз ара жұп – жұбымен айтылады. Тіл – тілде қатаң дауссыздардың ұяң сыңарлары, керісінше, ұяң дауссыздардың қатаң сыңарлары бар: қ – ғ, к – г, п – б, т – д, с – з, ф – в, т.б. Қатаң дауссыздар мен ұяң дауссыздар бір-бірінен үннің бірінде болуы, екіншісінде болмауы жағынан ғана емес, сонымен бірге салдырдың қатысы жағынан да ажыратылады. Атап айтқанда, қатаң дауссыздарда салдыр басым болады. Осыған орай, ұяңдарға қарағанда қатаң дауссыздарда ауаның қарқыны басым болады. Сондықтан қатаң дауссыздар, кейде қарқынды немесе күшті дауссыздар деп те аталады. Ұяң дауссыздарды айтқанда ауаның қарқыны қатаң дауссыздарға қарағанда баяу болады. Осымен байланысты ұяң дауссыздар әлсіз дауссыздар деп те аталады. Алайда бұл екі құбылыс тілдің бәрінде қабысқан күйінде ұшырай бермейді. Кейбір тілдерде құлаққа қатаң дыбыс түрінде де, ұяң дыбыс түрінде де естілетін дауссыз дыбыстардың айрықша бір түрі кездеседі. Бұлай болатындығы олар дауыстың қатысу белгісі жағынан қатаң дауссыздардың қатарына енеді де, ауа қарқынының дәрежесі жағынан ұяңдардың қатарына енеді. Дауссыздардың және неміс тілінің кейбір диалектілерінде кездеседі (М.И.Матусевичтің еңбегінде, 38- бет).

Дауссыз дыбыстар жұмсақ таңдайдың қалпына қарай ауыз жолды және мұрын жолды дауссыздар болып екіге бөлінеді. Егер жұмсақ таңдай жоғары

көтеріліп, жұтқыншақтан мұрын қуысына баратын кіре беріс жолды жауып тұрса, онда ауа ауыз қуысымен өтеді де, осының нәтижесінде ауыз жолды деп аталатын дауыссыздар (б, д, ... т.б.) жасалады. Егер жұмсақ таңдай төмен түсіп, жұтқыншақтан мұрын қуысына баратын кіре беріс ашық болса, онда ауа мұрын қуысынан өтеді де, осының нәтижесінде мұрын жолды деп аталатын дауыссыздар жасалады (м, н, ...).

Артикуляциялық жолына қарай салдыр дауыссыздар (қатаңдар мен ұяңдар) шұғыл дауыссыздар (взрывные) және ызың дауыссыздар (шелинные) болып жіктеледі.

Шұғыл дауыссыздарды айтқанда, дыбыстау мүшелері бір-біріне жабысады да, бірден кілт ажырасып кетеді, осының нәтижесінде ауа үзіліп, шұғыл шығады. Шұғыл дауыссыздардың осы қасиеті ескеріліп, олар эксклюзив (француз тілінде “жарылушы” деген сөз) дауыссыздар деп те аталады. П, б, т, д, к, ғ, қ – шұғыл дауыссыздардың айтылу ерекшелігін т дыбысынаң артикуляциялық жолын сипаттаудан да аңғаруға болады. Бұл дыбысты (т) айтқанда, тілдің ұшы күрек тіспен жымдасып, бірден кілт ажырап кетеді де, ауа шұғыл шығады. Б, п фонемалары екі еріннің бір-біріне нық тиіп, содан соң бірден ашылып кетуінен пайда болады, екінші сөзбен айтқанда, олар әрі имплозиялық (“жабысыңқы” м, н, ң, бұлар шұғыл дауыссыздардың үшінші бір түрі болып саналады), әрі эксплозиялық артикуляция арқылы жасалады. Бұл екеуінің ішінара айырмасы – бірі (б) – ұяң, бірі (п) – қатаң; п сөздің басында дағ ортасында да, аяғында да ұшырап отырады, ал б аяғында кездеспейді: бала, табу, қабан, пұл, апа, сабан, тап, кетпен т.б. Көне түркі тілінде (бұлғар тобындағы тілдерде, осы күнгі чуваш тілінде) үнсіз дауыссыздардың әрқайсысы жуанды – жіңішке келіп, фонематикалық мән тудыра алады. Бұл тәрізді, өзгешелік өзге түркі тілдерінде байқалмайды. Аталған ерекшелік қазақ тілінде де жоқ, демек б, п фонемалары даустылардың жұанымен қосылып, жуандап, жіңішкемен қосылып, жіңішке түрде естілуінің сөз мағынасына тигізер әсері жоқ, мұндай жағдайда мағынаға дауысты фонема ғана дифференция жасай алады (бал, бел, бол, бөл, бас, бес, доп, дөп, тап, теп).

Сөз басындағы б кей түркі тілдерінде, мысалы, хакас тобындағы тілдерде (шор тілінде) п түрінде де айтіліп отырады: палық, пер, пос (балық, бер, боз) (Н.П.Дыренкова. Грамматика шорского языка, 1991, 19 бет). Оғуз – түрікпен, оғуз – селжук тобындағы тілдерде (түрікпен, азербайжан т.б.) б кейде спиранттық вариантқа айналып отырады. Бер, бермен сияқты шздер вер, вермедір түрінде де айтыла береді (Н.А.Баскаков. К вопросу классификации тюркских языков, “Известия АН СССР”, 1962, XI).

Қазақ тілінің б фонемасы кейбір түркі тілдерінде м-ға да айналып (ауысып) отырады. Мысалы: шор тілінде қоме, наңмур, мөру немесе пөру, морсұқ (Н.П.Дыренкова. Аталған еңбек, 21-бет, 1941) немесе порсұқ – қазақ тілінде: қобыз, жаңбыр, бөрі, борсық.

Қазақ тілінде сөз басында, көбінесе б ұшырап отырады (п бұл позицияда өтесірек кездеседі). Сөз аяғында жазылуда б келсе де, айтылуда п-ға айналады. Жазылуда клуб, штаб болғанмен, соңғы б дыбысы п түрінде айтылады: п сөз басында, көбіне, шеттен келген сөздерде кездеседі: қоза-пая, пәлек, пияз (тәжік), пайда, пән, парасат (араб), пай, почта, пакет, председатель (орыс). Қазақтың ауызекі тілінде бұл екеуі кейбір түбір сөздерде қатар жарысып отырады: бәле – пәле, бал – пал, пұт – бұт (16 кг), пісік – бісік, тапа – таба, әдеби норма: пұт, пісік, таба т.б. Сөз соңында әрдайым п есітіледі, бірақ дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, п ұяңдап б-ға айналады: қапыңыз – қабыңыз, жіпіңіз – жібіңіз, көпіміз – көбіміз т.б. Егер п-ға біткен етістік сөзді көсемшенің – ып (п) тұлғасына айналдырсақ, түбіндегі п үнемі у-ға айналып кетеді: тапып – тауып, тепіп – теуіп, жапып – жауып, қапып - қауып. Екі дауыстының ортасындағы (интервокаль позициядағы) б кейде тік пен ерік қатысы арқылы да айтылады.

Шұғыл және ызың дауыссыз дыбыстардың элементтерінен құралған дыбыстар: орыс тілінде тіл алды аффрикаттар: ц (т+с), ч (т+шь), неміс тілінде: pt (pterd). ц, ч – аффрикат фонемалар. Өйткені бұлардың әрқайсысы екі элементтен тұрады: ц фонемасында т,с элементтері болса, ч – фонемада т, шь элементтері бар; бұл элементтердің механикалық қосындысынан барып, ц, ч жасалды деп түсінбеу

керек: ц-дегі т, с, ч-дегі т, шы элементтері озара өте тығыз байланысты болып, айрықша жымдасқандықтан бұл элементтер дара айқын айтылмай, шоғырланып, бір кесек фонеманың ішіне еніп, тұтас бір бірлік (единица) түрінде естіледі. Аталған екеуі де қатаң фонемалар тобына жатады; ц – қазақтың айтуында тіл ұшы үстіндегі күрек тіске нық тиіп, шапшаң айтылады (екі мүше бұл фонеманы айтқанда бірден кілт ажырап кетуі арқылы жасалады), ал ч тіл ұшы альвеольға (үстінгі қызыл иекке) тиюі арқылы айтылады; бұл фонеманың да жасалу жолы ц-мен бірдей; сондықтан ц, ч - әрі қосынды (аффрикат), әрі шұғыл фонемалар. Бұл екі фонема орыс тілі арқылы келген сөздерде ғана жазылады.

Қазақ тіліне орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден жаңа сөздер ене бастағандықтан, осы күнгі қазақ әдеби тіліне жаңа дыбыстар ене бастады. Орыс графикасына негізденген жаңа алфавит қабылдағаннан бастап, қазақ тілі консонантизміне жаңа фонемалар ене бастауының негізгі бір жолы осы жаңа жазу болып табылды. Орыс графикасының негізінде қазақтың әдеби тіліне в, ф, ч, х тәрізді фонемалар енді. Бұл аталғандардан ф, х ертедегі әдеби тілімізде кездескенмен, әдеби нормаға ене алмаған еді. Аталған фонемалардың алдыңғы екеуі тіспен ерін (дентилабиаль) дауыссыздарына жатады; мұның екеуі деффрикатив (ызың дыбыстар): в – ұяң, ф – қатаң.

Жаңа графикаға дейінгі жазуларымызда ч дыбысына да арнаулы әрпіміз болмайтын. Бұл дыбыс – қазақ тілі говорларында бұрыннан келе жатқан дыбыс екендігі айқын нәрсе. Жетісу және шығыс Қазақстанның кейбір аудандарында қазақтардың ауызекі тілінде ч сөздің анлаутшебінде (позицияда) өте жиі ұшырайды, мысалы, шал, шана, шағала сияқты сөздер бұл өлкенің қазақтарында чал, чана, чағала түрінде айтылады, бұл дыбыс сол говорларда дауыссыздан кейін де кездеседі (мысалы, малчы, әнчі, онча-мұнча). ч-интервокаль позицияда кездеспейді деуге болады. ч- дыбысының жасалу орны жағынан қазақ тілінде аффрикат ж дыбысынан айырмасы жоқ, демек, артикуляциялық жолы жағынан ч- дыбысы да, ж дыбысы да – аффрикат дыбыстар.

Қазақ тілі үшін өте тың жаңа фонема – ц болып есептеледі. Мұның жасалу орны ч фонемасынан бөлек: ч-ні айтқанда тіл ұшы альвеолға тиеді де, қазақтың айтуында ц тіл ұшы үстінгі күрек тіске барып соқтығуы арқылы жасалады. ц үнді дыбыстан кейін с болып айтылады: Франция, станция.

Ызың (фрикатив) фонемалар: в, г, ж, з, с, ф, х, ш, щ, һ, ж фонемалары тіл алды таңдайға жуықтау арқылы пайда болады. Сондықтан бұл екеуі де – ызың (фрикатив) фонемалар болып есептеледі. Аталған екі фонема екі фокусты деп те аталады. Ойткені алғы таңдайға тілдің бір жері емес, екі жері де бірдей жуықтайды: ш- қатаң, ж- ұяң. Бұл екеуі де сөздің қай шетінде болса да қолданыла береді. Байырғы сөздердің соңында тым сирек кездесетіні – ж. Бір сыпыра түркі тілдерінен қазақ тілінің басты ерекшеліктерінің бірі де осы фонемаларға байланысты болып келеді. Көптеген түркі тілдерінде ұ, и-дан басталатын сөздер қазақ тілінде ж-дан басталады: яман, яқшы, ярық, янында, яқын, юз, юмшақ қазақ тілінде: жаман, жақсы, жарық, жанында, жақын, жүз, жұмсақ болып айтылады. Бірсыпыра түркі тілдерінде ш-ға аяқталатын едәуір сөздер қазақ тілінде с-ға аяқталады. Өзге тілдердей таш, баш, қаш, қашқа, тұташу, түш, түшәк дегендер қазақшада тас, бас, қас, қасқа, тұтасу, түс, төсек болып айтылады. Бұл екі фонеманың әрқайсысы (ш, ж) әрі екі фокусті болу әрі сыбыр түрде естілу салдарына бұлармен көршілес кейбір соңғы дауыстылар (а, ә, и) айқын жуан немесе айқын жіңішке естілмей, көмескі естіледі: шай, жай, жинағ шимай. Алғашқы екі сөздегі а айқын естілмей, ә-мен ұласып жатады. Кейінгі екі сөздегі и айқын жіңішке түрде естілмей, көмескіленіп тұрады. Осы күнгі жазба әдеби тілімізде ж-ға бітетін сөздердің саны анағұрлым көбейе түсті; бұрыннан бар шыж (ете қалды), быж – тыж, мұқтаж тәрізді бірсыпыра сөздермен барабар этаж, пилотаж, экипаж тәрізді сөздер пайда болды. Бұл фонемадан басталатын сөздердің қатары көбейді (жанр, журнал, жюри, жирген). ш фонемасы туралы да осыларды айтуға болады.

с, з тіл ұшы астынғы күрек тіске жуықтаудан пайда болады. Сондықтан бұлар ызың фонемалар қатарына жатады. Бұл екеуі де бір фокусты, с- қатаң, з-

ұяң. И.А.Батманов өзінің “Фонетика” кітабында қазақ тіліндегі с-ны интерденталь фонема деп біледі. Біздіңше, қазақ тілі фактісі бұл пікірді мақұлдай алмайды; с-фонемасын екі тістің аралығынан шығаратын қазақтарды байқамадық. Сондықтан қырғыз тілінде кей уақытта кездесетін интерденталь с қазақ тілінің әсерінен пайда болды деген пікірге қосыла алмаймыз. Қазақ тілінде бұл екеуі деғ сөздің барлық позициясында қолданыла береді; тілімізде с, з фонемалардың айтылуы жағынан комбинаторлық варианты жоқ. Қырғыз тілінде кейде қызыл, қыз тәрізді сөздер қысыл, қыс түрінде айтылады. Фонетика мамандары алтай тілінде с фонемасының үнемі ұяңдап өзгеретінін (мысалыға: сөс – сөзім) айтады.

Мұндай қасиет қазақ тілінде кездеспейді. Жеке кісілердің ауызекі тілінде кейде барамыз ба, келеміз бе сияқтыларды бармыс па, келеміс пе түрде айтуын халықтың норма деуге болмайды. з-дан басталатын сөздердің дені орыс тілі және басқа кейбір шығыс тілдерінен енген сөздер.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы, А., 192, 154-бет.

Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, А., 1966, 138, 140, 179, 180 – бет

С.Мырзабеков. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі, А., 1999, 29, 31-бет.

К.Аханов. Тіл білімінің негіздері, А., 1978, 219, 225-230 беттер.

Б.Құлмағамбетова, С.Мұқашев. Қазақ тілі, А., 1984, 8, 10-бет.

І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі, А., 1979, 228 – бет.

І.Кеңесбаев. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер, А., 1987, 268-бет.